

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 410 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 желтоқсанда № 6402 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 511 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 28.12.2020 № 511 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18 - бабының 2 - тармақшасына, 139 - бабының 9 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2 - тармағына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Күршім ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" № 331 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4854 тіркелген, 2017 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Күршім ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Күршім ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Күршім ауданы әкімінің орынбасары Р.Д. Умутбаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

Д. Қажанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Күршім аудандық

мәслихатының хатшысы

Л. Кемешева

" ____ " _____ 2019 жыл

Күршім ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 410 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеме басшысы және басшысы орынбасары;
 - 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
 - 3) мүгедек балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық аурумен ауыратын мүгедектерге күтім жасайтын әлеуметтік қызметкер;
 - 4) қарттарға және мүгедектерге күтім жасайтын әлеуметтік қызметкер;
 - 5) дефектолог, логопед, әдіскер, есепші, психолог.
2. Халықты жұмыспен қамту орталығы саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеме басшысы;
 - 2) бас есепші;
 - 3) маман;
 - 4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші;
 - 5) инспектор;

- 6) іс - жүргізуші;
- 7) ассистент.
3. Білім беру саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеме басшысы және басшысының орынбасары;
 - 2) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;
 - 3) кітапхана, интернат, шеберхана меңгерушісі;
 - 4) барлық мамандықтардың мұғалімдері;
 - 5) әлеуметтік педагог;
 - 6) педагог-психолог;
 - 7) аға тәрбиеші;
 - 8) тәрбиеші;
 - 9) тәрбиешінің көмекшісі;
 - 10) музыкалық, көркемдік жетекші, үйірме жетекшісі;
 - 11) аға жетекші, жетекші;
 - 12) қосымша білім беру педагогы;
 - 13) медбике;
 - 14) педогог-ұйымдастырушы;
 - 15) бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
 - 16) хореограф;
 - 17) жаттықтырушы;
 - 18) аға шебер, шебер;
 - 19) кітапханашы, зертханашы, есепші, экономист, хормейстер, дәрігер;
 - 20) құрылыс жөніндегі маман;
 - 21) деректер қоры базасы бойынша маман;
 - 22) іс жүргізуші, хатшы.
4. Мәдениет саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеме басшысы және басшысының орынбасары;
 - 2) аға мәдени ұйымдастырушы;
 - 3) сүйемелдеуші;
 - 4) аға кітапханашы, кітапханашы;
 - 5) музыкалық жетекші;
 - 6) барлық атаулының әдіскері;
 - 7) көркемдік жетекші;
 - 8) би үйірмесінің жетекшісі;
 - 9) сүйемелдеуші-концертмейстер;
 - 10) дыбыс режиссері;
 - 11) хор жетекшісі;
 - 12) вокал студиясының жетекшісі;

13) көркемөнарпаздар ұжымының жетекшісі;

14) бұқаралық шаралардың режиссеры;

15) топ жетекшісі;

16) халықтық ұжымның жетекшісі;

17) студия жетекшісі;

18) есепші, экономист;

19) оператор - программист;

20) әдіскер;

21) әнші;

22) мәдени шара ұйымдастырушы;

23) музыкалық-оператор;

24) костюмер;

25) суретші.

5. Спорт саласы мамандарының лауазымдары:

1) басшы, директор, мемлекеттік мекеме басшысы және басшысының орынбасары;

2) әдіскер, есепші, экономист;

3) аға жаттықтырушы, жаттықтырушы;

4) медбике.

6. Ветеринария саласы мамандарының лауазымдары:

1) ветеринарлық дәрігер, ветеринар пунктiнiң меңгерушiсi;

2) ветеринарлық пунктiнiң ветеринар фельдшерi;

3) ветеринарлық пунктiнiң ветеринар санитары.